«Алматы облысы білім басқармасының Балқаш ауданы бойынша білім бөлім» мемлекеттік мекемесінің «№ 2 Жамбыл атындағы орта мектебі мектепке дейінгі шағын орталығымен» мемлекеттік коммуналдық мекемесі

**«Нашақорлық пен басқа зиянды заттарды қолданудың алдын-алу»**

Анықтама

**Мақсаты:** Оқушыларға әлемді алаңдатып отырған нашақорлық, темекі, электронды темекі, арақ, сияқты зиянды әрекеттердің белең алып бара жатқандығын ескерте отырып, оны болдырмаудың алдын – алуға тәрбиелеу. Оларды жаман әдеттерден сақтандыру. Ғасыр дертіне айналып отырған кеселдердің залалын жан-жақты меңгерту, зиянды заттардан барынша а

Балқаш АПБ ЖПҚБ ЮПТ аға УПИ полиция капитаны Раушанов Қайнар Мұхитұлы 12.02.2024 күні 8-11 сынып оқушыларымен «Нашақорлық пен басқа зиянды заттарды қолданудың алдын-алу» тақырыбында жиналыс өткізді. Жағымсыз әдеттерге нашақорлық,темекі шегу,арақ ішу,улы заттарды иіскеуге әуестену (токсикомания), Электронды темекінің зияны" сияқты қауіпті әдеттер туралы сөз қозғады. Қазіргі уақытта Нашақорлық пен басқа зиянды заттарды қолданудың алдын-алу» өзекті мәселелердің бірі әрі бірегейі зиянды әдеттермен күрес екеніне тоқталды. Оның ішінде электронды темекінің, улы заттарды иіскеуге әуестену (токсикомания) қоғамға қауіп туғызып отырғанын айтты. Білім алушыларды еліктіріп, өз ырқына баурап алған электронды темекілер, улы заттарды иіскеуге әуестену (токсикомания) тек зиянды әдет қана болып табылмайтынын, жас организмді улап, болашағына балта шабушы құрал екеніне тереңінен тоқталды. Темекінің түтініне уланған жас ағза тез ентігеді, тез болдырады. Тамаққа, жұмысқа, жаттығуға және басқаға зауқы жоқ болады. «Темекі бүкіл денеге залал әкеледі, ақыл - ойды бұзады, ұлттарды түгелдей надандыққа әкеледі» деген екен О. Бальзак. Ұлттың саулығы жеткіншек жас ұрпақтың саулығынан бастау алатынын айтты. Мектеп қабырғасында білім алушы өскелең ұрпақ – осы елдің арқа сүйер тірегі екенін, болашақ жастардың қолында екенін айтты. Сол себепті де, ер балалардың бос уақытын тиімсіз, бос әуреге арнап өткізбей, салауатты өмір салтын сақтаулары керек екенін, күн тәртібін ретке келтіріп, уақытымен ұйықтап, дұрыс тамақтанып, спортпен шұғылдану керек деді.

Оқушыларға салауатты өмір салтын ұстануға кеңес берді. Өз болашағына сеніммен қарау керектігінде атап өтті.

Шешім:

Құқық бұзушылықтың алдын алу бойынша АПБ-ның инспекторларымен бірлескен жұмыс жалғастырылсын.

2.Нашақорлық пен басқа да зиянды әдеттерден бойларын аулақ ұстау керектігі жөнінде түсіндірме жұмыстары үнемі жүргізіліп отырсын.

Мектеп директоры м.у.а: Г.А.Каренеева

Балқаш АПБ ЖПҚБ ЮПТ аға УПИ  полиция капитаны Раушанов Қайнар Мұхитұлымен өткізілген жиналыс барысынан көрініс






